



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

(староболгарский) язык, выполненные Кириллом и Мефодием, положили начало формированию русского языка, русской письменности и литературы.

В рамках разных культур на разных этапах развития к переводам предъявлялись неодинаковые требования. Этим требованиям должен был удовлетворять не только выбор текстов для перевода, но и избираемая переводчиком стратегия. Отчасти выбор стратегии мог определяться характером переводимых текстов или теоретическими установками самих переводчиков. Так, переводчики религиозных текстов, благоговейно относившиеся к каждой букве священного оригинала, стремились к максимально буквальному его воспроизведению, даже в ущерб смыслу и нормам языка перевода. Напротив, многие переводчики художественной литературы весьма вольно обращались с оригиналом. Выдающиеся русские переводчики Карамзин и Жуковский создавали блестящие образцы вольного перевода, а Вяземский, Гнедич и Фет упорно отстаивали необходимость перевода буквального. Первые попытки сделать переводы Библии более понятными и соответствующими языковой норме вызвали неприятие и возмущение верующих, в культуре которых считалось, что священный текст должен быть мистическим и загадочным.

Для каждого общества характерно наличие многочисленных территориальных, социальных, профессиональных, возрастных и других различий, которые находят отражение в особенностях употребления языковых средств отдельными группами людей. Различные виды языковой вариативности подобного рода составляют сферу интересов социолингвистики, и данные этой лингвистической дисциплины широко используются в современном переводоведении [5].

Таким образом, мы рассмотрели культурологические и аспекты перевода. Представленный нами терминологический пласт имеет глубокую практическую направленность. Стоит отметить, что мы лишь кратко коснулись некоторых фундаментальных проблем, которыми занимается культурология и социолингвистика. Однако и этого краткого обзора достаточно, чтобы убедиться, что исследования этой области дают ценные результаты и для изучения многих сторон переводческой деятельности.

Каждый переводчик должен понимать, что без знания реалий определенной культуры, и в отсутствие умения передать их максимально точно и понятно для принимающей культуры, само понятие «эквивалентный перевод» теряет свой смысл.

Список использованных источников:

1. Snell-Hornby, Mary. Translation Studies: An Integrated Approach. John Benjamins Publishing Company. Amsterdam, Philadelphia, 1988. – P.39-40.
2. Гальперин, И. Р. Текст как объект лингвистического исследования – М., 1981.
3. Терминасова, С. Г. К вопросу о норме в языке и культуре – М.: Московский государственный университет имени М. В. Ломоносова, 2010
4. Тимко, Н. В. Основные проблемы лингвокультурной трансляции процессе перевода: на материале переводов английских, немецких и русских художественных текстов
5. Автономова. Н.С. Философия и филология / П. С. Авюномова // Наука глазами гуманитария. - М.: Пршресс-Традиция, 2005.

ӘОЖ 81'322

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ РЕАЛИЙЛЕРДІҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Қуатбай Нурсейт

nurseyt_96_80@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Филология факультеті

Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты,
Астана, Қазақстан

Қазіргі таңда мәдениетаралық қарым-қатынастағы реалийлердің алатын орны күннен-күнге артып келеді. Тілші мамандар оларды тереңінен зерттеуге белсенді түрде ден қоюда. Себебі түпнұсқаның мағынасын дәл беру мәселесі әрқашан реалийлердің аударылуымен тығыз байланысты. Сол себепті реалийлерді зерттеу, олардың түрлі тілдерге аударылу мәселесі бүгінгі таңда өзекті тақырыптардың біріне айналған.

Түпнұсқа мәтіндегі нақты бір сөзге балама табылмайтын жағдайлар сиректеу де болса кездеседі. Бұндай жағдай негізінен, белгілі бір құбылыс немесе зат басқа халықтың тұрмыс-тіршілігінде болмағанда орын алады. Бұл сияқты сөздер *реалийлер* деп аталады.

Реалийлер белгілі бір ұлттың, елдің өзіне ғана тән тұрмыстық, материалдық, рухани, тарихи-қоғамдық құбылыстары мен заттарының тура мағынасындағы (номинативтік) атаулары деген ұғымда қолданылады [1; 35], сол себепті оларды аудару ешқандай қиындық келтірмейтін сияқты. Бірақ мұның аударматануда ерекше сөз болуына себеп болар жайттар баршылық. Біріншіден, бір халықтың өмір салты екінші халықта дәл солай қайталануы сирек кездеседі; екіншіден, ол сөз мәтінде тәуелсіз болып тұруы мүмкін; үшіншіден, ол сөзде ерекше бір стильдік бояу болуы міндетті емес. Сондықтан, реалийлерді келесі бір тілге жеткізудің өзіндік шарттары және тәсілдерінің болуы заңды құбылыс.

Жалпы реалийлер қаншалықты тереңінен зерттеліп басталса келе жатқанымен, ғалымдар тұрғысынан әлде де түрліше қабылданады немесе түсіндіріледі. Осыны түсініп, олардың мағынасына тереңірек айқындау мақсатында осы мысалы жан-жақты қарастырған ғалымдардың тұжырымдамаларына сүйенуді жөн көрдік.

Мысалы, аударматану саласындағы болгар ғалымдары С. И. Влахов және С. П. Флорин реалийлерге аударматану тұрғысынан келесідей анықтама берген: «*Реалийлер* – бұл бір халықтың өміріне (тұрмысы, мәдениеті, әлеуметтік және тарихи дамуы) тән заттарды атайтын сөздер (және сөз тіркестері), олар ұлттық және тарихи ерекшеліктерінің көрінісі бола тұра, олардың басқа тілдерде нақты сәйкестіктері (баламалары) жоқ. Демек, жалпы ережелерге сүйеніп аударылмай, ерекше аудару әдістерін талап етеді» [2; 55].

Ал, лингвоелтанушы Г. Д. Томахин берген анықтама бойынша, реалий – ол «белгілі бір ұлт пен халықтың материалды мәдениетіне, тарихи деректеріне, мемлекеттік институттарына ғана тән аттар, ұлттық және ауыз әдебиеті (фольклор) кейіпкерлерінің аттары және т.б.» [3; 13].

Ал отандық ғалым Ж. А. Жақыповтың реалий ұғымына берген анықтамасына назар аударатын болсақ, онда «реалий» - латын сөзі, зат, нәрсе деген ұғымды білдіреді [1; 35].

Зерттеулердің барлығына ортақ құбылыс – реалийлерді тақырыптық топтарға бөліп қарау. Алайда, реалийлердің классификациясы туралы сан алуан пікірлер бар. Әсіресе, қарастырылатын сөзді қандай ерекшеліктеріне немесе қасиеттеріне байланысты топтарға бөлу қажет деген сұрақтың төңірегінде аударматанушылардың арасында пікірталас туындайды. Сол себепті, қазірге дейін ұлттық-мәдени колоритті жеткізетін реалийлердің бірыңғай классификациясы жоқ және зерттеушілер әртүрлі қағидаларға сүйеніп, өз классификацияларын ұсынады.

Ғалым А. С. Ермағамбетова қазақ тіліндегі реалийлердің өзіндік классификациясын ұсынған. Оның классификациясы бойынша, қазақ тіліндегі ұлттық және тарихи ерекшеліктерді білдіретін реалийлер үлкен үш топқа бөлініп, олардың әрқайсысы өз кезегінде топшаларға жіктелген:

1. Қоғамдық-тарихи реалийлер: 1. Әкімшілік-аумақтық бірліктер мен елді мекендердің атаулары; 2. Көшпенділердің өмір жағдайына – мал шаруашылығы, қоныс, аңшылыққа қатысты реалийлер; 3. Әлеуметтік топтар, шен, лауазым, жолдаулардың атаулары; 4. Халықтың әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері мен жора-жоралғыларына қатысты реалийлер; 5. Халықтың мәдениетіне қатысты реалийлер (халық ауыз әдебиетіндегі түсініктер; ұлттық ойындар мен сайыстардың атаулары); 6. Дінге қатысты реалийлер (мифологиялық

реалийлер; мұсылмандық сенім және діни адамдарға қатысты реалийлер); 7. Қару-жарақтардың атаулары;

II. Географиялық және этнографиялық реалийлер: 1. Географиялық ұғымдар; 2. Этнографиялық ұғымдар (орда, тайпа, ру және сол ру мен тайпалардың мүшелерінің атаулары; отбасы мүшелерін білдіретін реалийлер); отбасы және неке қатынастарының реалийлері;

III. Тұрмыс реалийлері: 1. Баспана, тұрғын үйдің ішкі көрінісі, ыдыс-аяқ, үй керек-жарақтары; 2. Ұлттық киім, бас киім, әшекей бұйымдардың атаулары; 3. Ұлттық тағамдар мен сусындар; 4. Музыкалық аспаптардың атаулары; 5. Өлшем (салмақ өлшемдері және ақша); далалы жердегі қашықтық өлшемі [4; 15].

Ал, лингвоелтанушы Г. Д. Томахин реалийлерді американдық материалдар негізінде өз жіктемесіне сүйене отырып жан-жақты зерттеген [5].

Аударматану саласына қатысты еңбектерімен танымал болгар ғалымдары С. И. Влахов және С. П. Флорин классификациясы бірнеше қағидаларға сүйене отырып жасалған. Олар тақырыптық қана емес, мекендік және мерзімдік сипатына қарай бөлу қағидаларын да ескерген:

IV. Географиялық реалийлер (физикалық географиядағы және метеорологиядағы нысандардың атаулары; адам қызметіне қатысты географиялық нысандардың атаулары; эндемиктердің атаулары (өсімдіктер мен жануарлардың атаулары);

V. Этнографиялық реалийлер: а) Тұрмыс (тамақ, сусындар; киім; тұрғын үй, жиһаз, ыдыс-аяқ; көлік); б) Еңбек (еңбек адамдары; еңбек құрал-саймандары; еңбекті ұйымдастыру); в) Өнер мен мәдениет (ән мен би; музыкалық аспаптар; халық ауыз әдебиеті; театр; өзге өнер түрлері мен өнер туындылары және бұйымдары; орындаушылар; әдет-ғұрыптар мен жоралар; мерекелер мен ойындар; мифология; дін басылары мен ізбасарлар; күнтізбе); г) Этникалық нысандар (этнонимдер; лақап аттар; тұрғылықты жері бойынша адамдардың атаулары); д) Өлшемдер мен ақша (өлшем бірліктері; ақша бірліктері);

VI. Қоғамдық-саяси реалийлер: а) Әкімшілік-аумақтық құрылым (әкімшілік-аумақтық бірліктер; елді мекендер; елді мекен бөлімдері); б) Билік органдары мен билік жүргізушілер (билік органдары; билік жүргізушілер); в) Қоғамдық-саяси өмір (саяси ұйымдар мен саяси қайраткерлер; патриоттық және қоғамдық қозғалыстар; саяси оқиғалар мен қозғалыстар; лауазымдар, дәрежелер; мекемелер; оқу орындары мен мәдени мекемелер; сословиелер мен касталар; сословиелік белгілер мен нышандар); г) Әскери реалийлер (бөлімшелер; қару-жарақ; киім-кешек; әскери қызметкерлер) [2; 59-88].

С. И. Влахов және С. П. Флорин реалийлерді сондай-ақ мерзімдік сипатына қарай *заманауи* және *тарихи* деп жіктеген. Демек, аталған ғалымдардың пайымдауын негізге ала отырып, реалийлер *тарихи* және *заманауи қоғамдық-саяси реалийлер* деп бөліп қарастыруға болады.

Тарихи қоғамдық-саяси реалийлердің аудармадағы көрінісін толығымен талдау үшін «Mangi El» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналының материалдары алынды. Бұл журнал қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі айда бір рет шығады.

Тарихи қоғамдық-саяси реалийлерге нақтырақ келетін болсақ, мынадай мысалдарды көруге болады:

Сол бір «*Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама*» атанған шапқыншылық заманда халыққа ұйытқы, ұйымдастырушы бола білген [6, 29].

During the Dzungar invasion (1723), known as “*Aktaban Shubyryndy, alkakol sulama*”, he was one of the organizers of popular resistance [6, 29].

Берілген мысалды талдайтын болсақ, «*ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама*» тіркесі тарихи әрі қоғамдық-саяси оқиғаларға жататынын байқаймыз. Аудармашы бұл тұрақты тіркесті ағылшын тіліне транслитерация тәсілімен аударған. Бірақ, ағылшын тілді оқырманға түсініктірек болу үшін, 1723 жылы жоңғарлардың басып кіргендігі және осы тарихи оқиғаның негізінде «*ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама*» тіркесі қалыптасқандығын көрсеткен. Демек қарастырылып отырған сөйлемді аудару барысында транслитерация тәсілі

қолданылып, сөйлемде түсініктеме берілген.

Руы – уақ, Көкен болысының *старшинасы* [6, 79].

He was from Uak clan. Kaukenov also served as a *starshina* of the Koken volost [6, 84].

Бұл жерде біз қарастыратын реалий – «старшина» сөзі болып табылады. Бұл сөз жоғарыда көрсетілген лауазым, атақ және дәрежелер реалийлеріне жатады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөзге «болыс не руды басқару үшін Ресей өкіметі тағайындаған кісі» деген анықтама берілген [7]. Аудармашы бұл реалий сөзді транслитерация тәсілімен аударып, оған ешқандай түсініктеме бермеген. Алайда, ағылшын тілді оқырманға бұл түсінікті болмауы мүмкін, сол себепті, старшина сөзін орнын толтыру (компенсация) тәсілі арқылы аталмыш сөзбен мағыналас келетін *governor, ruler, mayor* сөздерімен алмастыру жөн болар еді.

Ағаштан үй, сауда қоймаларын тұрғызуына тек патша өкіметінің сеніміне кірген Көкен болысының старшинасы Тінібай Кәукенов пен Терістаңбалы болысының *bui* әрі старшинасы Жоламан Жандарбеков тәрізді санаулы адамдар ғана ие болды [6, 81].

Only representatives of the authority – *starshina* of the Koken volost Tynybay Kaukenov and *starshina* of the Teristanbaly *biy* Zholaman Zhandarbekov were permitted to build wooden houses and warehouses on that territory [6, 85].

Бұл мысалда біз қарастыратын реалий - «би» сөзі. Бұл сөз лауазым, атақ және дәрежелер реалийлеріне жатады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөзге «дау-жанжалдарды шешуші, ру басқарушы» деген анықтама берілген [7]. Тарихқа үңілетін болсақ, Қазақ хандығы тұсында Үш жүздің басын құрастырып, дау-жанжалдарда әділ шешім айта білген билер тек қазақ халқында болған. Сол себепті, бұл сөз реалийге айналып, ағылшын тілді оқырмандарға түсініксіз болуы мүмкін. Алайда, аудармашы бұл сөзді ағылшын тіліне аудару барысында тек транслитерация тәсілін қолданып, қосымша ешқандай түсінік бермеген. Біздің ойымызша, би сөзін аударған кезде оған қосымша “leader of small tribal group” деп қысқаша түсініктеме берсе жөн болар еді.

Бұл ескерткішті зерттеу объектісі ретінде таңдау Екінші Түрік қағанатының негізін қалаушы – Елтеріс (691 ж.) *қағанның* бейнесін мәңгі есте қалдыру идеясымен байланысты [8, 50].

This monument became an object of research due to the fact that its erection has been associated with the idea of perpetuating the image of founder of the Second Turkic Empire Ilterish *Khagan* who died in 691 [8, 52].

Бұл мысалда біз қарастыратын реалий – «қаған» сөзі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөзге «Ежелгі Түрік қағанатында мемлекет басшыларына берілетін титул» деген анықтама берілген [7]. Тарихи деректерге сүйенер болсақ, әр мемлекет не тайпа басшылары осы тәрізді титулға ие болған. Сол себепті, ағылшын тілді оқырманға жеткізу барысында қосымша түсініктеме берген дұрыс. Алайда, бұл сөйлемде аудармашының ешқандай түсініктеме бермей, тек транслитерация тәсілімен аударғанын көреміз. Бірақ, мағынасын толық жеткізу үшін экспликация (сипаттамалы аударма) тәсілін қолданып, “a highest title of ruler in nomadic hierarchy” деп аударуға да болады.

Сауранның қазақ билеушісі Абылай ханмен қатынастарының мақсатына қатысты Тобыл *воеводасы* И.Куракин 1616 жылы жазған [6, 17].

A *voivode* (commander of a military force) of Tobol Kurakin I. in 1616 reported about goals of the contacts with a ruler of the Sauran Ablai-khan [6, 11].

Бұл мысалда қарастыратын реалий – «воевода» сөзі. Бұл сөз лауазым, атақ және дәрежелер реалийлеріне жатады. Ежелгі Русь мемлекеті кезінде әскер басыларына «воевода» деген шен берілетін болған. Бертін келе, бұл сөз әскер шендерін білдіретін басқа сөздермен алмасып, «воевода» сөзі реалийге айналды. Аудармашы бұл сөзді ағылшын тіліне аудару кезінде басқа да оқырмандарға түсінікті болуы үшін транслитерация және экспликация (сипаттамалы аударма) тәсілдерін қолданған.

Өзінің еңбектегі өмірбаянын ол инженер-механик ретінде бастап, өндірісті тамаша ұйымдастыру қабілетін танытты, *комсомол* жетекшісі атанды [8, 56].

He began his working career as a mechanical engineer, having shown excellent organizational skills he became a *komsomol* leader [8, 78].

Бұл жерде біз қарастыратын реалий – «комсомол» сөзі. Бұл сөз саяси ұйымдар реалийлеріне жатады. Комсомол – Кеңес үкіметі кезінде құрылған жастардың қоғамдық-саяси ұйымы. Аудармашы бұл сөзді транслитерация тәсілімен аударған. Алайда, Кеңес үкіметінің тарихымен таныс емес оқырман үшін бұл сөз түсініксіз болуы мүмкін. Сол себепті, қысқаша түсіндірме берген жөн.

2004 жылы Латвия Президенті В.Вике-Фрейберганың Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары кезінде мемлекетіміздің басшысы оған *сталиндік қудалау* уақытында Қазақстан аумағына қоныс аударылған 227 латыш туралы мұрағат құжаттарын табыстады [8, 57].

In 2004, during a state visit of Latvian President Vaira Vike-Freiberga to Kazakhstan, the head of our state gave her archival documents about 227 Latvians, who were deported to Kazakhstan during the *Stalinist repression* [8,79].

Бұл жерде біз қарастыратын реалий – «сталиндік қудалау». Бұл реалий саяси оқиғалар реалийлеріне жатады. Сталиндік қудалау – Кеңес үкіметі кезінде зиялы қауым өкілдерінің «халық жауы» деп жала жауып қудалануы. Аудармашы бұл сөзді ағылшын тіліне калькалау тәсілі арқылы аударған.

Өкінішке және өмір заңының қатал үкіміне орай «*жылымық кезең*» туған шақта, «азап майданынан» аман өткен шақта арыстар да бұл пәнидің шымылдығын жапты [8, 23].

Unfortunately, all of those who had survived those harsh times, passed away when the period of *Khrushchev Thaw* started [8, 26].

Бұл мысалды қарастыратын болсақ, «жылымық кезең» саяси құбылыстарға жатады. Бұл сөз тіркесі тек бұрынғы Кеңес одағына құрамында болған халықтар үшін түсінікті ұғым. Сондай-ақ, халық арасында тұрақты тіркеске айналған. Аудармашы ағылшын тілді оқырмандардың қазақ елі тарихынан хабарсыз екендігін ескере отырып, Хрущевтің ел билеген кезін солай нақтылау (конкретизация) тәсілін қолданып аударған.

Біздің бала кезімізде бір Аягөз дуанына бір орыс төресі келіп, сыбан елінде бір *төренің* келінінің сәукелесін үш мың сомға бағалағанын естігеміз [6, 136].

As a child I heard that at Ayagoz prikaz a Russian functionary for some unknown reason, probably wanted to place it in a museum, appraised saukele belonging to a daughter-in-law of *Genghisid* from Syban clan at three thousand roubles [6, 138].

Бұл мысалды қарастыратын болсақ, «төре» сөзі сословие мен каста реалийлеріне жатады. Төрелер деп ел билеуге құқылы Шыңғыс ханның ұрпақтарын атайтын болған. Аудармашы ағылшын тіліне аудару кезінде Шыңғыс ханның ұрпақтары екенін нақты көрсету үшін нақтылау (конкретизация) тәсілін қолданған.

Зерттеу барысында бұл журналдардағы қоғамдық-саяси реалийлерді аударуда транслитерация әдісінің кеңінен қолданылғаны анықталды, ол 60%, калька әдісі – 18% құраған. Ал жалпылау (генерализация) – 9%, нақтылау (конкретизация) – 6%, орнын толтыру (компенсация) – 3%, экспликация (сипаттамалы аударма) – 3% ең аз қолданылған тәсілдер екендігі нақтыланды.

Қорытындылай келе, С. И. Влахов және С. П. Флориннің классификациясына сүйене отырып, қоғамдық-саяси реалийлерді тарихи және заманауи деп жеке қарастыруға болады. “Mangi EI” халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналынан алынған мысалдарға талдау жасай келе, тарихи қоғамдық-саяси реалийлерді аударуда лексикалық және лексика-грамматикалық трансформациялар қолданылғаны, ең көп қолданылатын тәсілдер транслитерация мен калька екені анықталды. Ал ең аз қолданылған тәсілдер жалпылау (генерализация), нақтылау (конкретизация) және экспликация (сипаттама аударма) екенін байқауға болады. Алайда, белгілі бір тәсілдің жиі қолданысы оның тиімділігінің көрсеткіші емес. Мысалы, бүкіл ережелерді сақтап, транскрипция арқылы аударылған реалийлер көп жағдайларда сөздің тек дыбыстық формасын жеткізіп, оның мағынасын жеткізе алмайды. Сөздің графикалық формасын жеткізетін транслитерация тәсілі жөнінде де осыны айтуға болады. Ол баламасыз лексиканы басқа тілге аудару барысында сирегірек қолданылады. Әр

аударма тәсілінің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері болғандықтан, аударма кезінде бір тәсілмен шектелмей, екі немесе үш аударма тәсілін бірге қолданған тиімді, мысалы, транскрипция мен транслитерация немесе калькілеу және орнын толтыру, т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жақыпов Ж. А. Аударматанудың аңдатуы. – Астана, 2004, 142 б.
2. Влахов С. И., Флорин С. П. Непереводимое в переводе. – М.: Наука, 1986. – 416 с.
3. Томахин Г. Д. Реалии в языке и культуре//ИЯШ. – 1997.
4. Ермагамбетова А. С. Сущность и значение национальных слов-реалий в языке художественного произведения и способы их перевода. (Автореферат дис)
5. Томахин Г. Д. Реалии-американизмы. – М.: Высшая школа, 1988. – 239 с.
6. Mangi El, №5(19) – 2016
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
8. Mangi El, №6(20) – 2016.

УДК 811.512.122:81'25

ПОЛИЯЗЫЧИЕ В КАЗАХСТАНЕ

Манап Диана

dianamanap@bk.ru

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,

Астана, Казахстан

Научный руководитель - д.ф.н., проф. Бейсенова Ж.С.

Одним из важнейших аспектов происходящей в казахстанском обществе экономической и социальной модернизации выступает политика в области языка. Термины «полиязычие», «многоязычие», стали наиболее часто встречаться в подходе к изучению иностранного языка. Языковой плюрализм в Казахстане рассматривается сегодня как следствие осуществленных общественно-политических и экономических реформ. К данным реформам относятся следующие преобразования: казахстанское общество становится более открытым, наше государство входит в мировое сообщество, развитие и укрепление межгосударственных политических, экономических и культурных связей. Все вышеназванное способствует тому, что иностранные языки в настоящий момент востребованы обществом. Владение иностранными языками расширяет профессиональную компетентность специалиста, открывает доступ к ресурсам мирового значения, делает специалиста конкурентоспособным не только в национальном, но и в мировом масштабе. В ежегодном Послании Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана отмечена актуальность полиязычного обучения, поскольку «одной из важных ценностей и главным преимуществом нашей страны являются многонациональность и многоязычие». Программа полиязычного обучения предусматривает создание новой модели образования, способствующей формированию конкурентоспособного в условиях глобализации поколения, владеющего языковой культурой. Знание казахского, английского и русского языков даст молодежи ключ к мировым рынкам, науке и новым технологиям, создаст условия для формирования мировоззренческой установки на конструктивное сотрудничество на основе приобщения к этнической, казахстанской и мировой культурам. Внимание Лидера нации к этой составляющей государственной политики очевидно и заслуживает самого пристального изучения и анализа, поскольку именно в нашей республике реализуется уникальный проект, инициированный Главой государства, — триединство языков. В современном мире, полиязычном и мультикультурном, как никогда актуальна проблема сопряженности языков, поиск эффективных и жизнеспособных программ в области языков по консолидации